

Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенінің инфрақұрылымын салуға "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен кредит ресурстарын беру шарттарын анықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 1073 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қарыз алушы) 053 "Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салуға "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына кредит ресурстарын беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына сәйкес 10 000 000 000 (он миллиард) теңге сомасында бюджеттік кредит (бұдан әрі - кредит) берілсін.

2. Қарыз алушыға кредит берудің мынадай шарттары белгіленсін:

1) кредит берудегі мақсат Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешені инфрақұрылымының құрылысын қаржыландыру болып табылады;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі - кредит беруші), Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Әкімші) және қарыз алушы кредит шартының тараптары болып табылады;

3) кредит қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шартымен жылдық 0,5%-ға (нөл бүтін бес ондық) тең сыйақы ставкасы бойынша негізгі борышты өтеудің алты жылдық жеңілдік кезеңімен 20 (жиырма) жыл мерзімге теңгемен беріледі;

4) "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін (соңғы қарыз алушы) сыйақы ставкасы жылдық 3 (үш) пайыздан артық болмауы т и і с ;

5) қарыз алушының кредит бойынша негізгі борышты өтеуі осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес тең үлестермен бір жылдық кезеңділікпен жүзеге асырылады;

6) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жылдық мерзімділікпен жүзеге асырылады. Есептелген сыйақының бірінші төлемі кредитті игерген күннен бастап 12 (он екі) ай өткен соң жасалады ;

7) республикалық бюджеттен кредит бөлу Әкімшінің өтінішінің негізінде қарыз алушымен келісім бойынша Әкімшінің есеп шотынан қарыз алушының корреспонденттік шотына бір жолғы кредит сомасын аудару жолымен жүзеге асырылады. Кредит Әкімшінің есеп шотынан қаражатты алған сәттен бастап игерілген б о л ы п е с е п т е л е д і ;

8) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы түпкілікті қарыз алушыны

Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенінің инфрақұрылымын салуға "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына және осы қоғамның бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес тікелей к р е д и т т е й д і ;

9) қарыз алушы Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешені инфрақұрылымының құрылысын қаржыландыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

10) кредит қарыз алушының кредитті қайтару жөніндегі міндеттемелерін қамтамасыз етуін ұсынбай-ақ бөлінеді.

3. Кредит беруші мен Әкімші заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген кредит шартын ж а с а с у д ы ;

2) кредиттің игерілуін, мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды және оның мониторингін, кредиттің республикалық бюджетке уақтылы және толық өтелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов